



БЕКІТЕМІН:
2024 жылғы «20» мамырдағы
№ 655 Петропавл қаласы
әкімдігі қаулысымен

«Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы
ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «Петропавл қаласы әкімдігінің
тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ) елді мекендер шекарасы ішінде
әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде тұрғын үй қорын басқару, газ және
газбен жабдықтау салаларындағы мемлекеттік бақылауды және елді мекендер
шекарасы ішінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде өндірістің
қауіпсіздік сапасындағы кәсіптік техникалық құрылымдармен қауіпсіз пайдалану
тағайындау және бақылау жұмыстарын жүзеге асыру туралы тұрғын
мәртебесі бар қоныстардағы тұрғындарға қолданылатын.

**«Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ**

Тұрғын үй инспекциясы бөлімі (бұдан әрі – «Тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ) Қазақстан
Республикасы 2014 жылғы 11 сәуірінің 39-бабы 3-тармағынан
7) тармағындағы қайтас мемлекеттік инспекциялық функцияларын жүзеге
асыратын «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрамында болып табылады.

2. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ
Петропавл қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 20 мамырдағы № 909 қаулысымен
құрылды.

3. Тікелей басқару үйшілгіне қатысты, сондай-ақ «Петропавл қаласы
әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ қатысты құлық субъектісінің
функцияларын оған қатысты жүзеге асыратын орган Петропавл қаласының
әкімдігі (бұдан әрі – «Әкімдігі») болып табылады.

4. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ
толық атауы:

мемлекеттік тілге – «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй
инспекциясы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – коммунальное государственное учреждение «Отдел
жилищной инспекции администрации города Петропавловска».

«Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ:
Петропавл қаласы әкімдігінің аумағында – Тұрғын үй инспекциясы
бөлімі аумағы (тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау
салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің тиісті әкімшілік-
териториялық бірліктердегі) ұйымдастыру және әкімшілік-териториялық
құрылымдармен қауіпсіз пайдалану тағайындау және бақылау жұмыстарын жүзеге
асыратын әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде елді мекен шекарасы

Петропавл қаласы, 2024 жыл



**«Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ) елді мекендер шекарасы шегінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндетұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы мемлекеттік бақылауды және елді мекендер шекарасы шегінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндеөндірістік қауіпсіздік саласындағы қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау жүзеге асыру үшін заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Тұрғын үй инспекторы «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 39-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес мемлекеттік инспектордың функцияларын жүзеге асыратын «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің лауазымды тұлғасы болып табылады.

2. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ Петропавл қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 23 мамырдағы № 909 қаулысымен құрылды.

3. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ қатысты құқық субъектісінің функцияларын оған қатысты жүзеге асыратын орган Петропавл қаласының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

4. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ толық атауы:

мемлекеттік тілде – «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – коммунальное государственное учреждение «Отдел жилищной инспекции акимата города Петропавловска».

«Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ:

Петропавл қаласы әкімдігінің деңгейінде – Тұрғын үй инспекциясы бөлімі ретінде (тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігіндегі үлкен санын және қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде елді мекен шекаралары

шегінде мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру қажеттілігін ескере отырып) құрылды.

5. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ құрылымы мен шекті штат санын Петропавл қаласының әкімдігі «Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысымен бекітілген олардың штат санының лимиті шегінде белгілейді.

«Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ басқа заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

6. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: индекс 150008, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 23.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

7. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылды деп саналады және заңды тұлға құқығын иеленеді.

8. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, бланкілері, екінші деңгейлі банктерде шоттары, сондай-ақ дербес теңгерімі бар.

9. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ өз міндеттемелері бойынша оның иелігіндегі ақшамен жауапты болады.

10. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркеуден өткеннен кейін күшіне енді.

3. Мемлекеттік мекеменің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

11. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ міндеті елді мекен шекаралары шегінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде:

тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы мемлекеттік бақылау;

өндірістік қауіпсіздік саласындағы қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау болыптабылады.

12. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ-нің негізгі функциясы тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі елді мекендер шекаралары шегіндегі бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылау,

сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі елді мекендер шекаралары шегіндегі қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау болып табылады.

13. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ негізгі өкілеттіліктері:

1) көппәтерлі тұрғын үйді мемлекеттік техникалық зерттеуді ұйымдастыру;

2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізу тізбесін, мерзімі мен кезектілігін белгілеу;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін (лифт жабдықтарын ауыстыру) күрделі жөндеу бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысу.

4) осы Заңның және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бұйрығымен (*Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10528 болып тіркелген*) бекітілген Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қағидалардың бұзушылықтарын жою жөніндегі орындалуы міндетті нұсқамалар (ұсынымдар) шығаруға және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға;

5) кондоминиум объектісінің үй-жайлар (пәтерлер) иелері өтініш жасаған жағдайда, кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау бойынша есептің бар-жоғын тексеру;

6) Кондоминиум объектісін басқару жөніндегі уақытша басқарушы компанияны айқындау және тағайындау. Тұрғын үй инспекциясының кондоминиум объектісін басқару жөніндегі уақытша басқарушы компанияны айқындау және тағайындау қағидаларына сәйкес бір жылға дейінгі мерзімге уақытша басқарушы компанияны айқындау және тағайындау;

7) тұрғын үй қорына түгендеу дербес не ұйымдарды тарта отырып жүргізуді қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 172 (*нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20245 болып тіркелген*) бұйрығымен бекітілген Электрондық нысанда ақпаратты қалыптастыру, өңдеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеуі қағидаларына сәйкес қорытынды мәліметтерді толтыра отырып, жұмыс істеп тұрған көппәтерлі тұрғын үйлерді есепке алуды жүзеге асыру.

9) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген басқа сұрақтар болып табылады.

14. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес:

1) пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум нысанын басқару нысанын таңдау рәсімінің сақтауына, ағымдағы және жинақ шоттарын ашуын;

2) пәтер иелерінің ортақ мүлкін, объектідегі тұрғын емес үй-жайларды және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес аумақтарды пайдалану, күтіп ұстау, пайдалану және жөндеу тәртібін сақтау;

3) көппәтерлі тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) үйге ортақ жылу, энергия, газ және су ресурстарын есепке алу аспаптарының болуын;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің және оның инженерлік жабдықтарының техникалық жай-күйіне, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық және жобалау құжаттарына сәйкес оны күтіп-ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды уақтылы орындалуын;

5) көппәтерлі тұрғын үйді маусымдық пайдалануға дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруын;

6) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шешімдер мен нұсқамалардың орындалуын;

7) елді мекен шекарасы шегінде тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газбен жабдықтау жүйелерінің тұрмыстық баллондары мен объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтауын.

8) ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өңдеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеуі қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес ақпарат беруді мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады.

15. Тұрғын үй инспекциясы өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес қауіпті техникалық құрылғыларды, атап айтқанда 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан астам судың қайнау температурасы кезінде (*жылумен жабдықтау ұйымдары*) жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтарын, 0,07 мегаПаскальдан астам қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, жүк көтергіш механизмдерді, эскалаторларды, аспалы жолдарды, фуникулерлерді, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі лифтілерді, траволаторларды, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалануға мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады:

1) бөлімнің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және Петропавл қаласы әкімдігінің стратегиялық функцияларын және Петропавл қаласы әкімдігі аппаратының жұмыс жоспарын орындауға қатысу;

2) әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару;

- «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

3) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әлеуметтік инфрақұрылым объектісінің қауіпті өндірістік объектісінде (*қауіпті техникалық құрылғысында*) авария салдарынан болған аварияларды (*оқиғаларды*) және жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысу;

4) қауіпті өндірістік объектіні (*қауіпті техникалық құрылғыны*) пайдалануға беру кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруға қатысу;

5) адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін айрықша жағдайларда сот шешімінсіз қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты дара кәсіпкерлердің, ұйымдардың қызметі немесе жекелеген қызмет түрлері үш күннен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұруға немесе тыйым салуға, көрсетілген мерзімде сотқа талап қою арызын міндетті түрде ұсынуға;

6) қауіпті өндірістік объектіде оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізуге қатысу;

7) қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын әлеуметтік инфрақұрылым объектілері мен ұйымдардың (*жеке тұлғалардың*) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;

8) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың тұрмыстық баллондары мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін, газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

9) жеке және заңды тұлғаларға тексеру нәтижелері туралы актіні, анықталған бұзушылықтар бойынша нұсқаманы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы актіні беру;

10) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып, Петропавл қаласы әкімінің профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жартыжылдық тізімдерін әзірлеу және бекіту;

11) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асыру.

16. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде мемлекеттік бақылауды, сондай елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде:

1) жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында:

мемлекеттік бақылау және мемлекеттік қадағалау объектілері мен субъектілері туралы;

тексеру кестелері және олардың нәтижелері туралы;

анықталған кемшіліктер туралы, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау туралы жасалған актілер мен шығарылған нұсқамалар туралы ақпаратты жариялау;

2) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинау және сақтаудың ақпараттық жүйесінде:

елді мекен шегінде құрылған мүлік иелері бірлестіктерінің және қарапайым серіктестіктердің тізілімін қалыптастыру және енгізу;

тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;

қорытынды мәліметтерді толтыра отырып, жұмыс істеп тұрған көппәтерлі тұрғын үйлерді есепке алу туралы ақпаратты жариялау арқылы өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

17. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін, көппәтерлі тұрғын үйдің үй жанындағы жер учаскесін күтіп-ұстау сапасын бақылау және коммуналдық қызметтер көрсету бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттарды дайындауға қатысады, сондай-ақ бақылаудағы объектілердің иелеріне, кәсіпорындарға, ұйымдарға немесе көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаруды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын азаматтарға, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша консультациялық көмек көрсетеді.

18. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсынады, сондай-ақ жиналыс шешімі негізінде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінен тиісті өтініш түскен жағдайда кондоминиум объектісіне техникалық паспорттарды дайындау бойынша шығыстарды дайындауды және өтеуді қамтамасыз етеді.

19. Тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тексеру және профилактикалық бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, ал пәтерлерді, тұрғын емес үй-жайларды тексеру «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

20. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ ережеде бекітілген қызметінің мәні мен оның мақсатына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға рұқсат етілмейді.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

21. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ жалпы басқаруды құрылтайшы жүзеге асырады.

22. Құрылтайшы мына функцияларды жүзеге асырады:

1) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ мүлікті бекітеді;

2) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ ережесін бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

5) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ басқару органдарының құрылымын, оны қалыптастыру тәртібін және өкілеттік мерзімін, шешім қабылдау тәртібін белгілейді;

6) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқарып отырған лауазымнан босату негіздерін белгілейді;

7) мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ құрылымын және шекті штат санын бекітеді;

8) жылдық қаржылық есепті бекітеді;

9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті құрылтайшысының келісімі бойынша «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ берілген немесе олардың жеке шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша республикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады (жергілікті атқарушы орган коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды).

23. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ басшысы Петропавл қаласының әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

24. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ басшысы «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Петропавл қаласының әкіміне тікелей бағынады және тұрғын үй инспекциясына жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапкершілік атқарады.

25. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ қызметін жүзеге асырған кезде басшы:

1) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік жоғарғы оқу орындарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлері бойынша «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқау береді;

8) Петропавл қаласының әкімі тағайындайтын мамандарды қоспағанда «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ мемлекеттік қызметшілері мен шарт бойынша қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ қызметкерлерін көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

10) коммуналдық мемлекеттік мекеменің мемлекеттік қызметшілері және шарт бойынша қызметкерлердің және өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіліктер шеңберін айқындайды;

11) «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін бекітеді;

12) әкімдік актілерінің жобаларын дайындау кезінде оның «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік емес құқықтық акт немесе нормативтік құқықтық акт болып табылатынын айқындайды;

13) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

26. Тұрғын үй инспекциясының әр инспекторында жеке мөртабан бар.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

27. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, оның құны теңгерімінде көрсетіледі. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ мүлкі:

1) оған құрылтайшы берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен да тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

28. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ мүлкі мемлекеттік коммуналдық меншік болып табылады және оған жедел басқару құқығында тиесілі.

29. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ оған бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен шығармайды немесе оған өзгеше әдіспен басқармайды.

30. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ қызметі Петропавл қаласы әкімдігінің жергілікті бюджетінен қаржыландырылады.

31. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік және бюджеттік есеп, қаржы және бюджеттік есеп беру саласындағы заңнамаға сәйкес есеп береді.

32. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және түгендеу жүргізуді құрылтайшы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

33. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ жұмыс тәртібі жергілікті атқарушы органдардың жұмыс тәртібіне сәйкес айқындалады,

жұмыс күндері: дүйсенбі- жұма сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;

демалыс күндері: сенбі, жексенбі, мереке күндері.

7. Мемлекеттік мекеменің

құрылтай құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

34. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

35. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекемені

қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

36. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.